

**«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы жанындағы  
Қоғамдық кеңес отырысының  
№13 ХАТТАМАСЫ**

**2019 жылдың 13 желтоқсаны**

**Алматы қ.**

**ҚАТЫСҚАНДАР**

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы жанындағы  
Қоғамдық кеңестің (бұдан әрі – Кеңес, ҚК)

- 1) Сейпульник Евгений Вальеревич, Кеңес төрағасы;
- 2) Алевтина Донских, Кеңес төрағасының орынбасары;
- 3) Александра Алёхова;
- 4) Гулсара Алтынбекова;
- 5) Татьяна Батищева;
- 6) Анна Видянова;
- 7) Азамат Джолдасбеков;
- 8) Куат Домбай;
- 9) Ирина Ледовских;
- 10) Жумагуль Тажибекова.

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – БЖЗҚ)  
өкілдері (дауыс беру құқығынсыз):

- 1) Құрманов Жанат Бостанұлы, «БЖЗҚ» АҚ Басқарма төрағасы;
- 2) Егеубаева Сәуле Асқарқызы, «БЖЗҚ» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары;
- 3) Фазылова Камиля Нурлановна, «БЖЗҚ» АҚ Стратегиялық даму департаменті директорының орынбасары;
- 4) Акмаева Марина Абдрахмановна, «БЖЗҚ» АҚ ЖБД БАҚ-пен байланыс бөлімінің бастығы, ҚК хатшысы.

Отырысқа Кеңестің 10 мүшесі қатысты. Кворум бар.

Отырысты Кеңестің төрағасы Е.В. Сейпульник ашты және отырыстың күн тәртібімен таныстырды.

**КҮН ТӘРТІБІ**

- 1) 2019 жылғы 10 айдағы «БЖЗҚ» АҚ қызметі туралы есеп (баяндамашы – Стратегиялық даму департаменті директорының орынбасары К.Н. Фазылова)
- 2) Зейнетақы жүйесін дамыту жөніндегі жұмыс тобының қызметі туралы хабарлама (баяндамашылар: «БЖЗҚ» АҚ Басқармасының төрағасы Ж.Б. Құрманов, «БЖЗҚ» АҚ жанындағы Қоғамдық кеңестің төрағасы Е.В. Сейпульник).
- 3) Ұйымдастыру сұрақтары. «БЖЗҚ» АҚ жанындағы Қоғамдық кеңес төрағасын сайлау.

**ҚАРАЛДЫ:**

**Күн тәртібіндегі 1 мәселе бойынша** стратегиялық даму департаменті директорының орынбасары К. Н.Фазылова сөз сөйледі. Қор қызметінің 2019 жылдың 10 айындағы негізгі көрсеткіштері ұсынылды. Баяндамашы бірінші қарашадағы жағдай бойынша зейнетақы жинақтарының жалпы сомасы 10,6 трлн теңгені құрағанын, өсім 13% немесе 1,2 трлн теңге болғанын атап өтті. Өсім зейнетақы жарналарының түсімі есебінен болды, олар өткен жылмен салыстырғанда 16% - ға өсті. Есепті кезеңде міндетті зейнетақы жарналары бойынша 763,5 млрд теңге, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша – 36,1 млрд

*«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы жанындағы Қоғамдық кеңес отырысының 2019 жылғы 13 желтоқсандағы № 13 хаттамасы*

теңге, ерікті зейнетақы жарналары бойынша – 0,3 млрд теңге түсті. Фазылова К.Н. 10 айда 551 млрд теңгені құраған таза инвестициялық табыстың артқанын ерекше атап өтті.

Сонымен қатар, биылғы жылы сақтандыру аннуитеттері нарығы айтарлықтай өсті - өткен жылмен салыстырғанда 2,6 есе (18,5 млрд теңгеден 48,5 млрд теңгеге дейін). Бұл жинақтардың сомасы енді тұтастай есептеледі, міндетті зейнетақы жарналарына міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары қосылды. Азаматтардың зейнетақы төлемдерін белгіленген мерзімнен бұрын - 50 жасқа жеткенде алуға мүмкіндігі бар. Алайда, ол үшін салымшы 2014 жылдың 1 қаңтарынан бастап 60 ай бойы МКЗЖ алып отыруы шарт. Осылайша, 2019 жылы МКЗЖ енгізілгеннен бастап бес жыл өтті. Бұл көп азаматтарға зейнетақы аннуитеті шартын жасап, өзінің жинақтарын сақтандыру компаниясына аударуға және төлемдерді алуға мүмкіндік берді. Одан кейін жасына қарай МЗЖ бойынша орташа жинақтар диаграммасы көрсетілді. 35 жасқа дейінгі салымшылардың жинақтары 668 мың теңгені құрады, одан әрі сандар өсе береді 36-45 жас аралығындағы азаматтардыкі – 1,39 млн теңге, 46-55 жас –1,44 млн. тг., 56-59/63 – 1,44 млн.тг. Көрсеткіштер 8,9 миллион шоттың тек 45% - ы ғана үнемі толықтырылып отыратынымен ерекшеленеді, ал шоттардың 28% 2019 жылдың 10 айы бойында бір де бір рет толықтырылмаған.

«БЖЗҚ» АҚ мақсаттары мен міндеттерін іске асыруға қатысты 10 ай ішінде 14 миллионнан астам қызмет көрсетілді, бұл өткен жылдың көрсеткіштерінен 10% артық. Операциялық залдардағы жүзбе-жүз форматтағы қызметтердің қысқаруымен электрондық және автоматты форматтағы қызметтерді пайдаланудың айтарлықтай өсуі байқалады. Электрондық қызметтердің танымалдығы 37% - ға артты, олар «БЖЗҚ» АҚ сайтында, Ұялы қосымшада, өзіне-өзі қызмет көрсету терминалдарында және т. б. көрсетіледі. Айта кетейік, операциялық залдарға жүгінулер азайған соң, БЖЗҚ өз қызметкерлерін барып қызмет көрсету сипатындағы жұмысқа қайта бағдарлай алды – бұл атап айтқанда, кәсіпорындар немесе халықтың әлеуметтік осал бөлігі үшін барып кеңес беру және қызмет көрсету.

Көрсеткіштерді талқылау барысында Кеңес мүшесі Азамат Жолдасбеков сәйкестендіру мүмкін емес қате шоттар тақырыбы бойынша сөз алды. Қазіргі уақытта БЖЗҚ-да жалпы сомасы 3 миллиард теңгеге 190 мыңға жуық осындай шот бар. Және бұл қаражатты бюджетке аудару туралы ұсыныс айтылды. Алайда «БЖЗҚ» АҚ Басқарма төрағасы Жанат Құрманов мұндай қадамдарды әзірше жасауға болмайды деп санайды: «МЖЗҚ зейнетақы реформасының бастапқы кезінде, яғни «ұйғарым бойынша» қор бола отырып, салымшыларда әлеуметтік жеке коды (ӘЖК), яғни салымшылар дұрыс сәйкестендірілмеген болса да заңды түрде МЗЖ қабылдауға міндетті болды. Нәтижесінде салымшыларда толық емес және/немесе қате деректемелері бар миллионнан астам шот пайда болды. МЖЗҚ салымшылардың «қате» ЖЗШ-ларын сәйкестендіру және оларды деректемелері дұрыс ЖЗШ-лармен біріктіру бойынша үлкен жұмыс жүргізді. БЖЗҚ-ға жеке ЖЗҚ-лардың ЖЗШ-ларын біріктіру нәтижесінде «қате» шоттардың саны тағы да өсіп, 800 мың шоттан асты. БЖЗҚ жүргізген жұмыстың нәтижесінде осындай ЖЗШ саны ағымдағы 190 мың шотқа дейін төмендеді. Іс жүзінде ай сайын біздің қызметкерлеріміз осындай бірнеше жүз техникалық шоттарды сәйкестендіріп, салымшылардың ақшасын олардың шынайы ЖЗШ-ларына есептеу мүмкіндігіне қол жеткізіп отыр. Сондықтан бұл ақшаны бюджетке аударуға болмайды, өйткені салымшы растайтын құжаттарымен өтініш беруі мүмкін және ол есептелген инвестициялық кіріс ескерілген өз қаражатын алуға міндетті. БЖЗҚ олардың зейнетақы жинақтарына меншік құқығын бұза алмайды».

Ұсыныс түсті:

- БЖЗҚ-ның 2019 жылғы 10 айдағы қызметі туралы ақпарат назарға алынсын;

-БЖЗҚ-ға салымшылардың техникалық шоттарының болуы туралы қосымша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу және салымшыларға қордағы өз деректемелері мен шоттарын тексеру бөлігінде кеңес беру ұсынылсын.

Шешім жобасы дауыс беруге шығарылды.

*«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы жанындағы Қоғамдық кеңес отырысының 2019 жылғы 13 желтоқсандағы № 13 хаттамасы*

«Қолдайтындар» - 10,

«Қарсы» - 0,

«Қалыс қалғандар» - 0.

Дауыс беру қорытындысы: «бір ауыздан». Шешім қабылданды

**Күн тәртібіндегі 2-мәселе бойынша «БЖЗҚ» АҚ Басқарма Төрағасы Ж.Б. Құрманов** сөз сөйледі.

Оның айтуынша, қазіргі таңда ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Бердібек Сапарбаевтың басшылығымен жұмыс тобы өз жұмысын жалғастыруда және талқылау нәтижелерін айтуға әлі ерте, халықаралық тәжірибе мен экономикалық есептеулерді жан-жақты талдау қажет.

- Жалпы төрт міндет қойылды. Біріншісі – зейнетақы активтерін басқарудың тиімділігін арттыру, екіншісі – зейнетақы жинақтарының бір бөлігін тұрғын үйге, емделуге және білім алуға мақсатты пайдалану мүмкіндігі, үшіншісі – бірыңғай әлеуметтік қор құру, төртіншісі – бір әлеуметтік төлемді енгізу. БЖЗҚ құзыретті орган ретінде актуарлық есептеулерін ұсынып, халықаралық тәжірибе талданды және таныстырылды. Жүргізілген талдау көрсеткендей, егер негізгі міндетін шешу үшін қаражаты жеткіліксіз болса, яғни алмастырудың барабар коэффициентін – бұл зейнетақы еңбекақының кемінде 40% - ын қамтамасыз етуі тиіс деген сөз – құраған жағдайда, зейнетақы жасына жеткенге дейін қаражатты мерзімінен бұрын алуға жол берілмейді, бірақ оларды одан әрі жинақтау мен инвестициялау қамтамасыз етіледі, - деп атап өтті Құрманов.

Сондай-ақ, ол зейнетақы активтерін басқарудың тиімділігіне қатысты жалпы Ұлттық Банктің басқарушы компаниялардың бәсекелестік нарығын қалыптастыру жөніндегі ұсынысы қолдау тапқанын атап өтті. Заң жобасы қазірдің өзінде дайын, бірақ заң шеңберінде емес, заңға тәуелді нормативтік-құқықтық актілер аясында шешіліп жатқан реттеуші мәселелер де бар. Алайда, тұтастай алғанда, заң жобасының тұжырымдамасына Үкімет пен қаржы нарығы қолдау көрсетіп, Мемлекет басшысына баяндалды.

Зейнетақы жинақтарының бір бөлігін мақсатты пайдалану мүмкіндігіне қатысты екінші тақырыпқа тоқталсақ, ЭБДҰ - ны қоса алғанда, халықаралық ұйымдардың есептері бойынша ең төменгі зейнетақы аударымдары азаматтар МЗЖ-ны кемінде 40 жыл бойы жүйелі аудару нәтижесінде кемінде 30% алмастыру коэффициентіне ие жинақтаушы зейнетақымен қамтамасыз ету үшін зейнетақы аударымдары кемінде 13% - ды құрауы тиіс екен. Сонымен қатар, алдыңғы қатарлы зейнетақы жүйесі бар 37 елдің талдауы олардың азаматтарының болашақ зейнетақыға орташа аударымдары 17% құрайтынын көрсетеді. Ал ЭБДҰ елдеріндегі аударымдар мөлшері орта есеппен 20% - ға жетеді. Қазақстанда мұндай аударымдар ЭБДҰ елдеріне қарағанда екі есе төмен. Сондықтан қорға қосымша нысаналы аударымдарсыз салымшыларға тұрғын үй мәселесін ағымдағы зейнетақы жинақтары есебінен шешуді қамтамасыз ету қиын болады.

Ауыр науқасты салымшылардың жинақтарын мерзімінен бұрын алып алуы туралы мәселе қызу талқыланды. «Бізге осындай өтініштер келіп түседі, алайда ағымдағы заңнама 1 немесе 2 топтағы мүгедектікті қоспағанда медициналық көрсеткіштер бойынша мерзімінен бұрын төлемдерді жүзеге асыруды қарастырмайды. Бұл мәселені қарау Үкіметтің құзыретінде. Ауыр науқасты адамның БЖЗҚ-дан қаражатты мерзімінен бұрын алуына қандай медициналық көрсеткіштер бойынша жол берілетінін түсіну маңызды. Қазақстанда кепілдендірілген тегін медициналық көмек көлемі, сондай-ақ әлеуметтік медициналық сақтандыру қорынан медициналық мақсаттарға, оның ішінде кейбір ауыр сырқаттарды емдеуге арналған шығыстарды жабу көзделген ғой. Бұл мәселе өзекті және талқылануда», - деді Құрманов.

Қоғамдық кеңес төрағасының орынбасары Алевтина Донских «тіпті тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлеміне кіретін сырқаттармен ауырған адамға қаражат қажет. Ауыр науқасты емдеуден басқа, белгілі бір тамақтануға, күтімге, операциядан кейін

*«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы жанындағы Қоғамдық кеңес отырысының 2019 жылғы 13 желтоқсандағы № 13 хаттамасы*

оналтуға шығындар жұмсайды». Осыған орай, ол ауыр науқастанған жағдайда зейнетақы жинақтарын пайдалану мүмкіндігін қарастыруға болады деп есептейді. Кеңес мүшесі Ирина Ледовских аурулардың тізімін жасап қана қоймай, азаматтар тарапынан алаяқтық әрекеттерді болдырмау мақсатында өтінішпен жүгінген әр адамды түбегейлі тексеру қажеттігін атап өтті. Сондықтан Денсаулық сақтау министрлігі мен Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне ауыр науқасты салымшылардың зейнетақы жинақтарын зейнетақы жасына жеткенге дейін пайдалануы жөнінде ұсыныс жіберу туралы шешім қабылданды.

Ұсыныс жасалды:

- зейнетақы жүйесін дамыту жөніндегі жұмыс тобының қызметі туралы ақпаратты назарда ұстау;

- Денсаулық сақтау министрлігі мен Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне ауыр науқасты салымшылардың зейнетақы жинақтарын зейнетақы жасына жеткенге дейін пайдалануы жөнінде ұсыныс жіберу.

Шешім жобасы дауыс беруге шығарылды.

«Қолдайтындар» - 10,

«Қарсы» - 0,

«Қалыс қалғандар» - 0.

Дауыс беру қорытындысы: «бір ауыздан». Шешім қабылданды

**Күн тәртібіндегі 3-мәселе бойынша** Кеңес хатшысы Марина Акмаева мынаны хабарлады, Кеңес туралы ереженің 28-тармағына сәйкес, Кеңес төрағасы мен оның хатшысы Кеңес мүшелерінің ашық дауыс беруі арқылы қабылданған Кеңес шешімімен бір жыл мерзімге тағайындалады. Осыны ескере отырып, Кеңес төрағасы мен оның орынбасарын сайлау және олардың уәкілеттік мерзімдерін белгілеу туралы мәселе қойылды.

Төмендегідей ұсыныс жасалды:

- «БЖЗҚ» АҚ жанындағы қоғамдық кеңес төрағасы етіп Е.В. Сейпульникті бір жыл мерзімге тағайындау.

Шешім жобасы дауыс беруге шығарылды.

«Қолдайтындар» - 10,

«Қарсы» - 0,

«Қалыс қалғандар» - 0.

Дауыс беру қорытындысы: «бір ауыздан». Шешім қабылданды

- «БЖЗҚ» АҚ жанындағы қоғамдық кеңес төрағасының орынбасары етіп А.А.

Донскихты бір жыл мерзімге тағайындау.

Шешім жобасы дауыс беруге шығарылды.

«Қолдайтындар» - 10,

«Қарсы» - 0,

«Қалыс қалғандар» - 0.

Дауыс беру қорытындысы: «бір ауыздан». Шешім қабылданды

### **ШЕШТІ:**

#### **Отырыс күн тәртібіндегі 1-мәселе бойынша**

1.1. «БЖЗҚ» АҚ-ның 2019 жылдың 10 айындағы қызметі туралы есебі назарға алынсын.

1.2. БЖЗҚ-ға салымшылардың техникалық шоттарының бар екендігі туралы қосымша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу және салымшыларға қордағы өз деректемелері мен шоттарын тексеру жөнінде кеңес беру ұсынылсын.

#### **Күн тәртібіндегі 2-мәселе бойынша**

2.1 Зейнетақы жүйесін дамыту жөніндегі жұмыс тобының қызметі туралы ақпарат назарға алынсын.

*«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы жанындағы Қоғамдық кеңес отырысының 2019 жылғы 13 желтоқсандағы № 13 хаттамасы*

2.2. Денсаулық сақтау министрлігі мен Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне ауыр науқасты салымшылардың зейнетақы жинақтарын зейнетақы жасына жеткенге дейін пайдалануы жөнінде ұсыныс жіберілсін.

**Күн тәртібіндегі 3-мәселе бойынша**

3.1. «БЖЗҚ» АҚ жанындағы қоғамдық кеңес төрағасы етіп Е.В. Сейпульник бір жыл мерзімге тағайындалсын.

3.2. БЖЗҚ» АҚ жанындағы қоғамдық кеңес төрағасының орынбасары етіп А.А. Донских бір жыл мерзімге тағайындалсын.

Кеңестің келесі отырысын 2020 жылдың ақпан айында өткізу туралы шешім қабылданды. Алдағы отырыстың күн тәртібіне 2019 жылғы жұмыс қорытындыларын қарау және 2020 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту жөніндегі мәселелер алдын ала енгізілсін.

**Отырыс төрағасы: Е. Сейпульник**

**Отырыс хатшысы: М. Акмаева**